

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

4 (4) 2022

Желтоқсан 2022
Desember 2022
Декабрь 2022

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы
Астана city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

е ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tptygova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2022**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Ш.Т. Есиркепова¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)*

**ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЫ
ТАСҚЫН ЖАРМҰХАМЕТҰЛЫНЫҢ «ДОМАЛАҚ АНА»
ОПЕРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан композиторы Тасқын Жармұхаметұлының «Домалақ ана» операсы және оның ерекшелігі қарастырылады. Сонымен қатар композитордың қысқаша музыкалық шығармашылығы, өнерге деген көзқарасы, соның ішінде опера жанрының Қазақстан Республикамызда келіп шығуы және «Домалақ ана» операсына көңіл бөлеміз. «Домалақ Ана» операсының либреттосы, басты кейіпкерлері белгіленіп, музыкасына тереңірек көңіл бөліп, қысқаша музыкалық үзінділер келтіріледі.

Түйінді сөздер: опера, композитор, либретто, жанр, ерекшеліктер, музыка, стиль.

Ш.Т.Есиркепова¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

**ОПЕРА КАЗАХСТАНСКОГО КОМПОЗИТОРА
ТАСҚЫНА ЖАРМУХАМЕТУЛЫ «ДОМАЛАК АНА» И
ЕЕ ОСОБЕННОСТИ**

Аннотация

В данной статье рассматривается опера Казахстанского композитора Таскына Жармухаметулы «Домалак ана» и ее особенности. Мы также уделяем внимание краткому музыкальному творчеству композитора, его взгляду на искусство, в том числе на появление оперного жанра в Казахстане и оперы «Домалак ана». Обозначены либретто оперы и ее главные герои. Особое внимание уделено музыке

оперы, анализируя их приводятся краткие музыкальные фрагменты.

Ключевые слова: опера, композитор, либретто, жанр, особенности, музыка, стиль.

Sh.T. Yessirkepova¹

¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)

OPERA BY KAZAKH COMPOSER TASKIN ZHARMUKHAMETULY "DOMALAK ANA" AND ITS FEATURES

Annotation

This article discusses the opera of the Kazakh composer Taskin Zharmukhametuly "Domalak ana" and its features. We also pay attention to the composer's brief musical creativity, his view of art, including the content of the opera genre in Kazakhstan and the opera "Domalak ana". The libretto of the opera "Domalak Ana" and the main characters are indicated. Special attention is paid to the music of the opera, analyzing them entirely, brief musical fragments are given.

Key words: opera, composer, libretto, genre, features, music, style.

Кіріспе. Қазақ опера өнері 80 жылдан астам тарихы мен дәстүрлері бар халықтың рухани өмірінің маңызды және дамыған жақтарының бірі ретінде ТМД республикаларының музыкалық-театр мәдениетінде лайықты орын алады. Қазақтардың қазіргі музыкалық мәдениетіндегі қалыптасқан көркемдік құбылысты бейнелейтін опера жанрлық және тақырыптық бағытта, музыкалық іс-әрекеттің драмалық және кеңістіктік-сахналық көрінісінде, бай ұлттық музыкалық дәстүрлерді жаңа нысандарда жүзеге асыруда алуан түрлі. XX ғасырда Қазақстанның музыкалық мәдениетінің негізі мен өзіндік ерекшелігін құрайтын дәстүрлі музыканың дамуымен қатар қалыптасты және дамыды [1].

Қазіргі замандағы опера өнері біздің Қазақстан республикамыздың көркем мәдениет тарихында өте сирек қарастырылған. Сол үшін осы дәуірдегі қазақ

композиторларының шығармашылық дәрежелерін музыкалық-сахналық жағынан, оның келіп шығу тарихы, бірқатар ерекшеліктерін, теориясы мен стилін тереңірек қарағанымыз дұрыс. Осының ішінен қазіргі заманымыздағы қазақ жас композиторы – Тасқын Жармұхаметұлының «Домалақ Ана» операсына тоқтап өтеміз.

Зерттеу әдістері. Бұл мақалада композитордың тәжірибесіне сүйене отырып, сипаттамалық және салыстырмалы әдістері қолданылған.

Тақырып бойынша әдебиеттеріне шолу. Мақалада Друскин М. 100 опер [2, 5 б.], Күзембай С.А., Мусагулова Г.Ж., Касимова З.М. [3], Мусагулова Г.Ж [4], Мусина Ф. [5], Бегембетова Г.З. [1], Табаева З. [6] авторларының әдебиеттеріне, мақалаларына және көптеген сұхбаттарына шолу жасалды. Қолданылған кітаптарда, мақалаларда және операның авторларымен сұхбаттасуында қазіргі кездегі опера жанрының Қазақстан Республикасында дамуы, өркендеуі туралы, және соның ішінен жас композитор Тасқын Жармұхаметұлының «Домалақ Ана» операсының премьерасының сәтті қойылымы, олардың алға қойылған мақсаттары жөнінде жолдайды.

Зерттеу мақсаты. Мақаланың зерттеу мақсаты – жас композитор Тасқын Жармұхаметтің «Домалақ Ана» операсының форма жағынан Италия операларының стилине ұқсас келгендігін [5], либретто мәтінінің үстіне музыка жазу, және де естілу жағынан халық колоритіне тереңірек мән беру ерекшелігін белгілеу және операны толығымен талдау.

Зерттеу нәтижесі. Еуропалық музыкалық өнерден алынған композиторлық және орындаушылық практиканың түрлері қазақтардың бай жанрлық дәстүрлі мәдениетінің құнарлы топырағына көшірілді. Дәстүрдің осындай ашықтығы, оның жаңаны сіңіріп қана қоймай, өзінің этникалық сипатын сақтап қалу қабілеті қазақ сахнасының алғашқы әншілерінің қызметінде айқын көрініс тапты [1]. Жалпы, ұлттық опера өнерінің тағдыры, солардың ішінен «Домалақ Ана» операсы әлемдік орындаудың

прогрессивті дәстүрлерін дамытқан Еуропа және орыс шеберлерімен тығыз байланысты.



Фото 1. Композиторы Тасқын Жармұқамет

Композиторы Тасқын Жармұқаметұлының шығармашылығы. Жас композитор 1981 жылы 23 ақпанда Үрімжі қаласында туған. 2000 жылы Шинжяң көркемөнер институтының теория-жасампаздық мамандығына оқуға түседі. Оқып жүрген жылдары бірқатар камералық шығармалар жазады. Мысалы, скрипка, виолончель, фортепианоға арналған пьеса – «Ақын арманы», «Жайлау көркі», романс – «Туған жер» және т.б., сондай-ақ, оның «Қазақ домбыра күйлерінің ерекшелігі» деген қытай тіліндегі дипломдық диссертациясы жоғары бағаланады.

2004 жылы қыркүйек айында Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының композиция мамандығы бойынша, консерваторияда танымал композитор Ақтоты Райымқұлованың классына оқуға түседі. Оқып жүрген жылдары камералық шығармасы «Жігер» (флейта, фагот, фортепианоға арналған трио), ұлт аспаптар оркестіне арналған «Өнер сапары», камералық шығармаларадан – ыспалы аспаптар оркестріне арналған «Төремұрат», «Қызбиі», домбыра мен примақобызға дуэт «Сайыс» және т.б. пайда болды. Дипломдық жұмыс ретінде бір бөдімді «Шоқан ізі» атты симфониялық поэма ұсынады. кейіннен

Домбыра мен симфониялық оркестрге арналған концерт – «Қазақ елі» және симфониялық картина «Хан шеруі»(2011-2012 ж.), операсы «Домалақ Ана» (2021ж. Наурыз) жазды.

Тасқын Жармұхаметұлы зертеу жұмыстарына да қатты қызығушылық танытқан. Ол «Қыпшақ тілі сөздігі» («Кодекс Куманикус» IV ғасыр басы) кітабындағы көне Қыпшақ ноталарын қазіргі нотаға түсіріп расшифровка жасайды.

Жармұхамет Тасқын Жармұхаметұлы «Домалақ Ана» операсы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған 30 жылдан бергі орындалған екінші ұлттық опера саналады.

II АКТІЛІ опера
Идеяның авторы: Майра Мухамедқызы
Либретто: Асхат Маемиров
Композитор: Тасқын Жармұхамет

Операның премьерасы 2021-жылы 5-наурыз күні, Шымкент қаласы опера-балет театрында өтті.

Қоюшы режиссёр: Михайл Панджавизе



Фото 2. Басты кейіпкерлер

Домалақ ана(Нұрилә), Бәйдібектің 3-әйелі	Soprano
Бәйдібек, Батыр, қол басшы	Tenor
Марау ханым, Бәйдібектің бәйбішесі	Alto
Хазірет, Бәйдібектің кеңесіші	Bariton
Алты ұл, Мараудан туған алты ұл	3Bariton, 3 Tenor
Ақ құс, Періште, мифтик кейіпкер	Ballerina
<p>Көпшілік сахнада: Зереп ханым(Бәйдібектің 2-әйелі), Сарбаздар, Нарқыздар(Жауынгер қыздар), Періштелер, Барымташылар, Қыздар-жігіттер.</p> <p>Оқиға XIV-XV ғасырдағы оңтүстік Қазақстан даласында өрбиді.</p>	

Алғаш опера кейіпкерлерін сомдағандар:

Домалақ ана (Нұрилә) – Майра Мухамедқызы, Уралхан Сейілбекова, Айгүл Азатов, Жұлдыз Мусаева

Бәйдібек – Жұмабек Қаңтарбаев, Мадихан Дуйсеев

Марау ханым – Дина Хамзина, Гаухар Ахетова, Гульжан Раскалиева.

Хазірет – Айбек Қанатбек, Айдос Иманжаппаров, Марат Оразымбетов.

Алты ұл – Нұрканат Тапиев, Айдар Баймбетов, Роберт Жеткербаев, Нуржан Жүсіпбеков, Ниматолла Зкруллаев, Алексей Скибин.

Ақ құс, Періште – Сәбина Кенже
Шымкент опера-балет театр ұйымы

«Домалақ ана» операсының либреттосы **I АКТ**

Ұшы-қиырына көз жетпейтін ұланғайыр дала. Қызарып батқан күн сәулесінің көлеңкесінде Хазірет бастаған Бәйдібектің батыр жасақтары жортып келеді. Жасақтармен ере келген қыз-келіншектер әнге басып, жол қысқару үшін ерлер де қоса ән шырқап батырларын мақтанышпен әнге қосады. Бәйдібек батыр жарқ етіп ақ боз атпен дұйым елдің алдына шығып, ұрандайды, он естіген халайық одан бетер көңілдері шалқып, кең даланы ән құшағына бөлейді.

Бәйдібек батыр бастаған шаршы топ бір құдықтың басына келіп тынығады. Кенеттен сол құдықтан Ақ құс пайда болып, жұртшылық сұлу құстың сымбатына тәнті болады. Бірі тамсанып, енді бірі ғайыптан пайда болған құстан қорқынышпен қарайды, кенет ақ құс қанатын сабалап құдыққа лап беріп ғайып болады.

Ақ құсты іздеп құдықтың түбіне көз жүгірткен халайық, құдықтың ішінде қос жанары мөлдіреген сумен бірге шағылысқан Аруды көреді. Құдық ішінде отырған су перісі ме екен деседі?! Бәйдібек батыр жас қыздың білегінен тартып, құдықтан шығарып алады.

Бәйдібек батыр Нұриләні алғаш көргеннен-ақ бір сұлу сезім жүрегіне ұялайды. Нұриләнің ықыласы, инабаты, пәк тұлғасы, әсіресе ғажайып көз жанары сезім отын оятып, Ауаша жалғыз қалғанда Нұрилә келбетіне тәнті болып, әнге басады.

Бәйдібек батыр арман құшағына шомып, Хазіреттен қудалық жайында хабар күтіп отырады. Нұрилә аян берген атасының сөзі бойынша, Бәйдібекке тұрмысқа шығуға келісім бергені жайында Хазірет хабар алып келіп, шүйіншілеп батыр жатқан үйге кіріп келеді.

Хабар ауылға жетіп, ел жұрт жиналып, тойға дайындық басталып кетеді. Бәйбіше – Марау ханым іштей Бәйдібектің тоқал алуын құптамай, қимай тұрса да, бас-көз болып батыры үшін неке қию рәсімін ұйымдастырып, ақ тілегін айтып, қуаныштың ортасында болады. Іші түтін, сырты бүтін күй кешеді. Нұрилә мен Бәйдібектің некесі қиылады.

Хазірет той басталғанын жариялайды. Салтанатты той. Келін түсіру. Шашу шашу. Қыз-жігіттердің мерекелік биі. Шырқалған жар-жар... сондай-ақ, Сарбаздар сайысы. Палуандардың белдесуі. Дала қызықтары көрінісі бейнеленеді. Ташкент маңында жасаған халықтар сырнайлатып-кернейлетіп, атылас-пүлістерін сыйға алып, «дорбоз» спорт ойындарын, сайқы-мазақ қуыршақ биі көрсетіп халықты бір қарық етеді.

II АКТ

Бір жылдан кейін. Тілеуберді атты сәби дүниеге келеді. Анасы Нұрилә босағаның оң жағына орналасып, бесік жырын айтып, сәбиді ұйықтатып жатады.

Нұрилә бесік жырын тербеткен сәтте, тасада тұрған Марау ханым қызғаныштан қан жұтады. Бір сұмдық ой басына келеді. Нұрилә бесік жыры біткен сәтте: «Байеке сені шақырып жатыр, мен баланы қарай тұрайын», -деп, жас сәбимен жалғыз қалады. Сәбиді әрі қызғаныштан жек көреді, әрі жаңа туған нәрестеге қастандық жасауға қолы баспай көп толғанады.

Марау ханымның ашшы дауысын естіп даладан Нұрилә жүгіріп жетеді, ел-жұрт дүрлігіп, қансырап жатқан баланы көріп шұ-шұрқан болады. Бәйдібек батыр да жетіп келіп бәйбішесінен күмәнданып, турап тастауға аз-ақ қалады. Қансырап жатқан баласына қарап ана зар жылайды.

Сол сәтте. Жел ысқырып, дауыл тұрып, ғайыптан жеті періште пайда болады. Періштелер жас сәбиді мейіріміне алып, аластап ауруын басады, жаны кірген бала іңгәлап қоя береді. Енді күллі халық көңілі жәй тауып, Бәйдібек баласын құшағына алып, жүрегі жұбаныш табады.

Тағы біраз жылдар өтеді. Бұл күндері Нұрилә орта жасқа келіп, ел іші-сыртына сыйлы ана болған.

Бір күні ауыл шетін жау шабады. Барымташылар бет қалқан киіп, түнделетіп жортып, жымын білдірмей мысық табандап келіп Бәйдібек аулының малдарын сыпырып кетеді. Хазірет арандалғандарын біліп дабыл қағып, жау шапқанын хабарлайды.

Жау шапқан хабарды ести сала Бәйдібектің батыр алты ұлы жорыққа дайындалады. Ұран салып, халықты жинайды. Нұрилә бір сұмдықтың боларын сезіп, балалардың соғысқа бармауын өтінеді. Алайда, оны онсыз да күндеп жүрген бәйбіше - Марау ханым тепсе темір үзер алты ұлын мақтан тұтып, маңғазданып, Нұриләның сөзін тыңдамайды, күлкі етеді.

Жауынгерлер ай балталарын қайрап, садақтарын үшкірлеп жорыққа дайындалады. Жаудың қарасы көп екенін болжап, енді соғысқа Нар қыздар да аттанбақ болып жатыр, халық жиналып батырларға батасын беріп жорыққа аттандырды.

Нұрилә қыз-келіншектермен жауға аттанған батырлар үшін дұға тілеп отырғанда, алыстан дабыл үні естіледі. Барған сайын жақындаған ашшы үнімен бірге қаралы көш көлеңкесі көрінеді. Бәйдібектің батырлары туын жығып, Хазіреттің бастауында, Нар қыздар мен алты ұлдың өлі денесін иықтап келеді. Бұл көріністі көрген ауыл адамдары ауыр қайғыдан зар төгіп, аңырап қалады.

Жоқтау айтып зарлаған Марау бәйбішені Домалақ-ана (Нұрилә) бауырына басады. Алты ұлынан бір күнде айырылған Марау жынданып кетуге шақ тұр. Нұриләнің өзіне жасаған жақсылығын енді сезген Марау Нұриләға шын ниетімен риза болып, бұрынғы істеген қиянаттары үшін кешірім сұрайды. Нұриләға өз кимешегін кигізіп, батасын береді. Адамдар соғыста шейіт болған жауынгерлерді ақтық сапарына шығарып салады.

Домалақ ана өмірден түйген өскелең ойларын, көкей кесті Ұлы мұраттарын ұрпағына аманат етіп қалдырады. Оның шешендік сөздері, ғақылия ақылдары, имандылық іздері халық жүрегінен орын алып, ауыздан ауызға тарап бізге жетті. Домалақ ана тұлғасы қазақ халқында ана образының жарық үлгісі, мейірімділік пен ізгіліктің символы ретінде жадымызда мәңгі қала бермек.

«Домалақ ана» операсының музыкасы

Операдағы Домалақ ананың бейнесі – сезімі сергек, рухы биік, аяулы даналығы ана. Домалақ ана операның бірінші актісінде сезімшіл лирикалық кейіпкер болса, ал екінші актіде дүниедегі әр халықтың тату, бейбітшілік өмір сүріп, бүкіл әлемде тыныштық болғанын қалайтын салауатты, салмақты, даналық пен аналық сұлулықты бір өзіне жинаған қазақ халқының Ұлы ана образының синтезі.

Операның пайда болу идеясын Шымкент опера-балет театрының меңгерушісі, операның басты солисті Майра Мухамедқызы болып табылады. Композитор Тасқын Жармұхамет пен либреттосының авторы Асхат Маемиров бұл операны Майра Мухамедқызының ұсынысынан кейін өте аз уақыттың ішінде жылдам жазу керек болды: операны жазуға 30 қаңтардан бастап кірісіп, күні-түні еңбекпен демалыссыз маңдайлары ұрғалап жұмыстанды және 5-ші наурызда жазып аяқтады. «Домалақ Ана» операсын шамамен наурыз айындағы аналар, қыздар мейрамына арнау керек болды, өйткені бұл опера - Ана махаббатының әнұраны болып табылады [5].

Операның бірінші қойлымы өте сәтті өтті. Театрдың жандана түсуі, дамуы осы операның алғаш қойылуынан басталады.

Композитордың айтуынша, бұл операны жаратқанында композициялық ерекшелігі жағынан көбірек естілу жағынан халық колоритіне тереңірек мән берген. Өйткені композитор ұзақ жылдан бері күй тартып және қазақ фольклорларын оқып үйренген. Операның оқиға желісі, драматургиясы халқымыздың ұлттық дәстүріне сәйкес келеді.

Тағы да бір ерекшелік – ол форма жағынан Италия операларының стилине ұқсас келген. Сол себепті операның ішіне кіретін ариялар мен айырым шығармаларды спектакльдің ішінен алып, бөлек концерттік нөмірмен орындауға қолайлы болып келеді [6].

Операда композитор қазақ фольклорын тек ғұрыптық сат-рәсімдерінде ғана пайдаланған. мысалы: бірінші актіде неке қию кезіндегі «Бүлдірген» әні, той кезіндегі жар-жар. Екінші актіде Жоқтау, соғысқа аттанар алдындағы халық биі – «Қара жорға». Ал операның ғұрыптық еmem көріністерінде композитор өз ойымен, өз жанынан шыққан төл әуендер арқылы сахналық көріністі жандандырып, эмоциясын байыта түседі.

Бірінші акт. Опера интродукция, прелюдия немесе увертюра сияқты нөмірлермен басталмайды. Композитор өз сұхбатында операның бір тыныста болуы үшін бірден оқиға болып жатқан ортадан бастап кеткенін айтып өтті.

Операның басталуы Бәйдібектің жауынгерлерімен алыстан келе жатқан шеруін, сол шеруге жақындаған ауыл әйелдерінің әндетуімен ашылады. Осы көріністі әдемі треугольник, колокольчик, жетігенді елестететін арфа аспабы сондай-ақ, домбыра үнін елестететін спалы аспаптардағы pizzicato орындау амалы арқылы әлқиса-ертегідей музыкалық бейне жаратады. Мұндай сезім тыңдармандарды, көрермендерді басқа жұмбақ әлемге алып келеді [7].

Choir

Piano

Pno.

7

14

Әрі қарай осы колориттің ізінен музыканың алғашқы темасы басталады. Ол теманы тереңдетілген әсем дыбыспен гобой атқарады.

Pno.

21

27

Бәйдібек батырдың сарбаздарының салтанаты топтық аралас хордың орындалуында Бәйдібекке қарап айтылған мадақ жыры арқылы көрсетілген.

Ашық мінездегі, жеңілдік көңілмен Ақ құс болып ұшып жүрген нәзік Нүриләнің образын арфа орындайды:



«Домалақ Ана» операсының тағы да бір ерекшелігі – бұл либретто мәтінінің үстіне музыка жазу. Бұл ерекшелік әсіресе классикалық стильіне сәйкес келеді. Егер басқа операларда бірінші композитор музыка жазып, сол музыканың үстіне мәтін жазылса, бұл жерде керісінше болып тұр. Сол үшін де композитор музыкасын, әуенін, мелодиясын, сондай-ақ ырғақтық суреттерін дұрыс бейнелеу үшін мәтіннің буындарына, сөздің басталу және аяқталу сәттеріне мән берген. Мысалы, Бәйдібектің махаббат сезіміндегі Нүриләға деген ариясында байқауға болады:

Tenor $\text{♩} = 150$ Ad libitum
 Fl. $\text{♩} = 150$ Ad libitum
 Piano *mf*
p

7 rit. . . . Га-

13 $\text{♩} = 90$
 жап, се-нің ко-нің га - жап, Сүй-сі - не тұр-мын қа-рап. Га-

$\text{♩} = 90$
pp

Композитор Бәйдібек пен Нұриләнің танысу мен кейіннен үйленуі арқылы, қазақ ұлтының той жасау үлгісін көрсетіп, операға түрлі дәстүрімізді сахналық бейнесін ұсынады. Қазақ қызының етін көрсетпейтін әдет-ибасын, некесіз ер адамға жақын жүрмейтінін, тіпті қолын да ұстатпайтынын сахна тілімен көрсетіп, той тек ақсақалдардың ризалығымен, неке қиюмен ғана жүзеге асатынын көрсетеді. Той көрінісі екі жасқа дұйым жұрттың аралас хорда тілек айтып, жыр жырлауымен аяқталады.

Vivace ♩ = 170

Choir

Топ бас - та - ған жі - гіт - тің
Та - си бер - сін ха - ла - йық

Vivace ♩ = 170

Piano

f

5

Choir

сұл - та - нын - дай - ау!
бе - ре - ке - міз ау!

Pno.

Екінші акт – өте күрделі, трагедиялы, жүрекке ауырлау сезімдерімен, терең философиялық ойлармен байытылған. Екінші бөлімде көптеген жанрлар қолданылған: бесік жыры, жоқтау.

Бұл акт Нүриләнің бөпелі болып, бесік жырын әндетуімен басталады (сөзі композитордың анасы - Ж.Базарбайқызынікі):

15 **1** *A tempo*

Әл - ди - ал - ди ақ бө - тем, Ба - сым да - ты бақ кө - кем. Ер тек

24

ай - тып бе - ре - нің, Кү - лақ са - нып жат бө - тем.

Операның ішінде кульминациялық сәттерінің біріне Марау ханымның қызғаныштан жанып, кішкентай сәбиге қарауға жауапкершілігін ала тұра бір сұмдық ой келген кезі. Марау ханымның қараңғылық ниетін фортепианодағы сол қолдағы жартытондықпен жүрген сүйемелдеу және оң қолдағы минормен жүретін екідыбыстық ноталар бейнелейді:

Moderato q = 130

Soprano

Марау ханым

Piano

Moderato q = 130

legato pp

10

roco accel.

M. x.

Бір ша - қа - лақ тап - тым деп дүр - лік - тір - дің, ой, ба - лау! Бі ал - дың - да
Ал - ты ба - ла тап - сым да нар тұл - га - лы, я - ты - рай, Се - ні көр - се

roco accel.

Pno.

Марау ханымның жаман ниетін музыкада тағы бір бейнелейтін элемент – бұл оркестрдегі «диссонанстық» дыбыстар:

93

M. x.

Бәй - ді - бек - ке мен тап - қап, Ал - ты ба - ла же - те - ді, Нү - ри - лә - дан

Pno.

p

101

M. x.

көк а - лам, Зар - га тол - сын е - те - гі. дей - тің - дер көп са - рай - да,

Pno.

pp

Екінші акттегі музыкасында ең айырым орынды речитатив - Нүрилөның зары иелейді. Нүрилөның

зары көрермендерді үлкен ойға, драмаға, трагедияға, көңілді жібітіп, тіпті жылатқызып та қояды:

The image shows two systems of musical notation. The first system is for Soprano (Нүриәл) and Piano. The tempo is marked 'Largo' with a quarter note equal to 60. The key signature has three flats. The lyrics are: "О, та-ні-рым, Жа-рат-қан!". The second system is for Soprano (S.) and Piano (Pno.). The tempo is also 'Largo' with a quarter note equal to 60. The lyrics are: "Табы-на-рым! Же-тер-м(е)е-кеңжаңау-сы зар-л(ы)а-на-ның." The piano accompaniment consists of chords in the right hand and rests in the left hand.

Лирикалық скрипкалардың әндету мелодиялары балаға жан кірген кезінде іңгәлап қоя бергені.

Бұл операда хореографиялық көрсетілімдер, сахналар да аз емес. Оркестрде көбірек ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар қолданылған. Би өнерінде қыздар биі және ұлдар биі (Қара жорға) алынған. Қыздар биінде көбінесе арфа, қоңырау аспаптарында, лирикалық бейнеде орындаса, ұлдар биінде Қара жорғаның мінезіне сәйкес келетін пунктир ырғақтары, энергиялы музыка суреттелген. Мысалға айтар болсақ, қыздар биінде қазақ ұлттық музыкасына тән кварта-квинталық интервалдар қолданылған:

L. M. ...

$\text{♩} = 150$

Harp I

Harp II

Ұлдар биі – «Қара жорға»ға тән пунктир ырғақта, үлкейттірілген квинтасымен бірге ля бемоль мажор тондығында орындалады:

div. Allegretto $\text{♩} = 140$

Piano

Pno.

Бұл операда айтып өту керек, бірінші актінде лирикалы, ал екінші акт болса көбірек трагедиялы болып келеді. Оркестр осы амалдарды көрсету үшін көптеген контрастпен, соның ішінде кульминацияларды, динамикалық реңктерін жақсы келтіреді.

Екінші актінде «жоқтау» жанры қосылады. «Жоқтау» - бұл ең трагедиялық көрінісі болып табылады. Жоқтау айтып зарлаған Марау бәйбішені Домалақана (Нұрилә) бауырына басады. Алты ұлынан бір күнде айырылған Марау жынданып кетуге шақ тұр,

Марау ханымның ішкі дүниесін бейнелеу үшін композитор дәстүрлі функционалды гармония, форма ережелерін қайырып қойып, дисонансқа толы жаңаша, авангардтық музыкалық тілмен жазады, әуені фольклор, ал сүйемелі авангард бұндай музыка Марау ханымның қатты күйзелісін тамаша бейнелеген:

The image shows two musical excerpts. The first is for 'Maraux Hanym' (Марау ханым), featuring a vocal line and a piano accompaniment (Фортепиано). The vocal line has lyrics: 'Қай-ры лып Қа-па - тым-нан қа-ған - дай-мың'. The piano accompaniment consists of sustained chords. The second excerpt is for 'M-x' (М-х), featuring a vocal line and a piano accompaniment (Фортепиано). The vocal line has lyrics: 'Қу-дай-ым, нег-кеп ау - ыр сал-ған қай-ған!'. The piano accompaniment includes dynamic markings like 'p' and 'pp'.

«Домалақ Ана» операсын Нүриләның үлкен ариясымен бірге хормен орындалады. Нүриләның ариясы үлкен даналыққа, халықты, адамдардың әртүрлі болуына қарамастан оларды бір тату елге айналғанын, және елімізде бейбітшілік, тыныштық болғанын, ұлдарымыз иманды ұрпақ болсын, ал қыздарымыз ибалы ару болсын деумен аяқталады:

7

Ty er

15 *Più mosso*

кен да-на-лы-ғын ер ба-бам-ның, Жыр ет-кен ү-лы-лы-ғын кең да-лам-ның. Жа-рал

Più mosso

Қорытынды. Алдыңғы болып өткен «Абай», «Қыз Жібек» немесе «Біржан Сара» сияқты операларда композиторлар Халық әндерінен, немесе халық композиторларының шығармаларынан цитаталар қолданған болса (мысалы, «Абай» операсында Абайдың өлеңдері, «Қыз Жібек»те халық әні, «Біржан Сара»да Біржанның әндері), онда жас композитор Тасқын Жармұхамет «Домалақ Ана» операсында авторлық музыкаларды негіз етуге баса мән берген.

Тасқын Жармұхаметұлы операдағы кейіпкерлер ауыздан ауызға жеткен аңыз кейіпкерлері болса да, шығармада олардың ойларын реалды түрде бейнелеуге тырысты. Марау ханым, алты баланы тапқан бәйбіше ретінде тоқал болып келген Нұриләға қызғаныш білдіріп, баласына қастық ойласа да Нұрилә оның қастығын қарымжысы ретінде алты ұлына деген аяушылығымен қайтарды. Ана ретінде баласынан айрылған Мараудың қайғысына ортақ болып, Мараудың ықыласына бөленді.

Композитор Тасқын Жармұхаметтің айтуынша, «Домалақ ана» операсы арқылы тек Домалақ ананы ғана емес, қазақ халқы үшін ана ұғымның қайдан Ұлы ұғым екенін бейнелеген, ол - ертеден келе жатқан Ұмай ана, Жер ана, т.б. ана тұлғасының синтезі. Себебі барлық ана өз ұрпағының бақытты, бейбіт ортада ержетіп, көркеюін тілейді. Бұл да қазақ халқының

ғасырлар бойы ұрпағына үйретіп келе жатқан өмір заңы!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бегембетова Г.З. Из истории Казахской Оперы. – Алматы, 2014.
2. Друскин М. 100 опер. – Ленинград, Музыка. – 1968.
3. Күзембай С.А., Мусагулова Г.Ж., Касимова З.М. Казахские оперы. – Алматы, 2010.
4. Мусагулова Г. Некоторые аспекты оперного искусства Казахстана на современном этапе. // WORLD SCIENCE. – No1(5). – Vol.4. – January 2016.
5. Мусина Ф. Премьеры. Премьера оперы «Домалақ Ана» в областном театре оперы и балета г.Шымкент. // Интернет ресурс: www.abaitv.kz (Дата обращения 10.09.2022).
6. Табаева З. Ожившая легенда. // Интернет ресурс: <https://www.np.kz/news.php?id=959> (Дата обращения 10.09.2022).
7. Global Art | Шымкент опера және балет театры. // Интернет ресурс: <https://www.youtube.com> (Дата обращения 10.09.2022).

References:

1. Begembetova G.Z. *Iz istorii Kazahskoj Opery*. – Almaty, **2014**. (In Russ).
2. Druskin M. *100 oper*. – Leningrad, Muzyka. – **1968**. (In Russ).
3. Kyzembaj S.A., Musagulova G.Zh., Kasimova Z.M. *Kazahskie opery*. – Almaty, **2010**. (In Russ).
4. Musagulova G. *Nekotorye aspekty opernogo iskusstva Kazahstana na sovremennom jetape*. // WORLD SCIENCE. – No1(5). – Vol.4. – January **2016**. (In Russ).
5. Musina F. *Prem'ery. Prem'era opery «Domalaj Ana» v oblastnom tetare opery i baleta g. Shymkent*. // Internet resurs: www.abaitv.kz (Data obrashhenija 10.09.**2022**). (In Russ).
6. Tabaeva Z. *Ozhivshaja legenda*. // Internet resurs: <https://www.np.kz/news.php?id=959> (Data obrashhenija 10.09.**2022**). (In Russ).
7. *Global Art | Shymkent opera zhәне balet teatry*. // Internet resurs: <https://www.youtube.com> (Data obrashhenija 10.09.**2022**). (In Russ).